

ДЗМУ БАСҚАРАТЫН КӨПЖАҚТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРҒА ҚАТЫСУ

Қазақстан Республикасы халықаралық тұрғыдан тиісті құқықтық нысандарда әкімшілік ететін ДЗМУ-ның көптеген халықаралық келісімдерінің өзі үшін міндетті екеніне келісімін білдірді.

Қазақстан ДЗМУ-ға өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы 1993 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасының Декларациясын жолдау арқылы ДЗМУ-ға мүше болды.

Аталған декларация арқылы Қазақстан **Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құрған конвенция (Стокгольм, 1967)** қосылды.

Бұл ретте ДЗМУ-ға мүше елдердің тізімінде Қазақстанның 1991 жылғы 25 желтоқсаннан бастап, яғни КСРО-ның әрекет етуі тоқтатылған күннен бастап ДЗМУ-ға мүше ел болып табылатыны көрсетілді.

Осы Декларациямен Қазақстанның Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына, Халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне және Патенттік кооперация туралы шартқа қосылды.

Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы (Париж, 1883) патенттерді, тауар белгілерін, өнеркәсіптік үлгілерді, пайдалы модельдерді, фирмалық атауларды, шығу көзінің географиялық нұсқамаларын және шығу орындарының атауларын қоса алғанда, өнеркәсіптік меншік мәселелеріне және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесуге қатысты.

Конвенцияның негізгі ережесі үш санатқа бөлінеді: ұлттық режим, басымдық құқығы, жалпы ережелер.

Ұлттық режим туралы конвенцияның ережелерінде Өнеркәсіптік меншікті қорғауға қатысты уағдаласушы мемлекеттердің әрқайсысы басқа уағдаласушы мемлекеттердің азаматтарына өз азаматтарына беретін қорғау көлемін беруге міндетті деп көрсетілген. Конвенция ұсынатын құқықтық қорғау, егер олардың уағдаласушы мемлекетте тұратын жері немесе нақты және жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік немесе коммерциялық кәсіпорны болса, оған қатыспайтын мемлекеттердің азаматтарына да қолданылады.

Конвенция патенттерге (сондай-ақ пайдалы модельдерге), белгілер мен өнеркәсіптік үлгілерге қатысты басымдық құқығын көздейді. Бұл құқық белгілі бір мерзім ішінде уағдаласушы мемлекеттердің бірінде берілген дұрыс ресімделген бірінші өтінімнің (патенттер мен пайдалы модельдер үшін 12 ай, өнеркәсіптік үлгілер мен белгілер үшін 6 ай) негізінде өтінім беруші қалған уағдаласушы мемлекеттердің кез келгенінде қорғау сұрай алатындығын білдіреді. Дәл осындай кейінгі өтінімдер бірінші өтінім берілген күні берілген болып есептеледі. Басқаша айтқанда, олардың бір өнертабысқа, пайдалы модельге, белгіге немесе өнеркәсіптік үлгіге басқа тұлғалар аталған кезеңде берген өтінімдердің алдында басымдығы («басымдық құқығы» деген термин осыдан шыққан) болады. Бұл норманың практикалық артықшылықтарының бірі – бірнеше елде қорғауды алғысы келетін өтініш берушілер өздерінің барлық өтінімдерін бір уақытта беруге міндетті емес. Бірақ қай елдерде қорғауды алғысы келетінін шешу үшін және қорғауды алуға қажет іс-әрекеттерін тиісінше дайындау үшін 6 немесе 12 ай мерзім беріледі.

Конвенция барлық уағдаласушы мемлекеттер сақтауға тиіс бірқатар жалпы ережелерді белгілейді. Солардың ішінде ең маңыздысы мыналар болып табылады:

Әр уағдаласушы мемлекетте бір өнертабысқа берілген патенттер бір-біріне тәуелді емес: бір уағдаласушы мемлекеттің патент беруі басқа уағдаласушы мемлекеттерді патент беруге міндеттемейді; кез келген басқа уағдаласушы мемлекетте патент алуға арналған өтінім қабылданбады немесе патент жойылды деген негіздемемен бірде-бір уағдаласушы мемлекетте патентке арналған өтінім қабылданбауы мүмкін емес және патенттің жойылуы мүмкін емес.

Патентпен берілген айрықша құқықтарды жүзеге асыру нәтижесінде туындауы мүмкін шамадан тыс пайдаланудың алдын алу үшін мәжбүрлі лицензиялар беруге қатысты заңнамалық шаралар қабылдайтын әр уағдаласушы мемлекет мұны белгілі бір шарттар негізінде ғана жасай алады.

Париж конвенциясы әр уағдаласушы мемлекетте ұлттық заңнамамен айқындалатын таңбаларды тіркеуге және тіркеуге өтінім беру талаптарын реттемейді. Демек, уағдаласушы мемлекеттің азаматы берген таңбаны тіркеуге арналған ешқандай өтінім қабылданбауы мүмкін емес және өтінім беру, тіркеу немесе ұзарту шығарылған елде жүзеге асырылмағандығы негізінде ешқандай тіркеу жарамсыз деп таныла алмайды. Егер белгі шыққан елінде тиісті түрде тіркелген болса, ол тиісті сұрау салу берілген кезде басқа уағдаласушы мемлекеттерде тіркеуге қабылдануға және өзінің бастапқы түрінде қорғалуға тиіс. Алайда кейбір қатаң жағдайлар анықталғанда тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгілер әрбір уағдаласушы мемлекетте қорғалуға тиіс және өнеркәсіптік үлгілер іске асырылған бұйымдар тиісті мемлекетте жасалмайды деген негізде мұндай қорғаудан бас тартуға болмайды.

Фирмалық атаулар әр уағдаласушы мемлекетте атауларды тіркеуге немесе тіркеуге өтінім берудің қандай да бір міндеттемесізінсіз қорғалуға тиіс.

Әр уағдаласушы мемлекет өнімнің шығу тегінің жалған нұсқамаларын немесе өндірушінің, дайындаушының немесе саудагердің сәйкестендіру деректерін тікелей немесе жанама пайдалануға қарсы тиісті шаралар қабылдауға және жосықсыз бәсекелестіктен тиімді қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі (Мадрид, 1891) Тауар таңбаларын халықаралық тіркеудің Мадрид жүйесінің негізін қалады. Бұл жүйе тауар белгілерінің иелеріне оларды Мадрид одағына мүше бірнеше елдерде бір өтінім беру және бір баж салығын төлеу арқылы қорғауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ тауар белгісін кейінгі басқару да жеңілдетіледі. Өйткені бір рәсімдік әрекет арқылы өзгерістер енгізуге, құқықтар көлемін шектеуге, тіркеуді ұзартуға және т.б. жасауға болады. Бұл Мадрид жүйесінің үлкен сұранысын түсіндіреді, 125 жыл ішінде ол 1 миллионнан астам таңбаны (әлемдік көлемнің 15%-і) тіркеу үшін пайдаланылды.

Таңбаларды халықаралық тіркеу жүйесі тауар таңбаларының иелері үшін бірқатар артықшылықтарға ие. Бір-бірінен ерекшеленетін ұлттық рәсімдік ережелерді пайдалана отырып, елдің барлық өтінім берушілеріне әртүрлі тілдерде бірнеше ұлттық өтінім берудің және бірнеше бажды төлеудің орнына халықаралық жүйе: ДЗМҰ Халықаралық бюросына бір өтінім беру (елдің ұлттық ведомствосы арқылы); бір тілді пайдалану; баждардың бір жиынтығын төлеу арқылы тіркеуге мүмкіндік береді. Тауар таңбасын тіркеуді ұзарту кезінде де осындай артықшылықтар бар.

Сол сияқты, егер халықаралық тіркеу құқығы үшінші тұлғаға берілсе немесе қандай да бір өзгеше түрде өзгертілсе (мысалы, иесінің аты және/немесе мекенжайы өзгертілсе), бұл жағдай ДЗМҰ арқылы барлық қатысушы мемлекеттерге қатысты бірыңғай рәсімдік іс-қимыл арқылы тіркелуі мүмкін.

Кейіннен Қазақстанның зияткерлік меншіктің жаһандық жүйелерімен өзара іс-қимылы жүйелі түрде кеңейтілді.

Патенттік кооперация туралы шарт – РСТ (Вашингтон, 1970) – патенттер саласындағы халықаралық ынтымақтастық туралы халықаралық келісім. Ол ең алдымен, патент өтінімдерін беру, іздеу және тексеруге, сондай-ақ онда қамтылған техникалық ақпаратты таратуға қатысты рационалдау және ынтымақтастық туралы шарт болып табылады. РСТ шарты «халықаралық патенттерді» беру ережелерін белгілемейді: патенттерді беру міндеті мен жауапкершілігі әр елдің патент ведомствосының немесе қорғау сұралатын елде жұмыс істейтін адамның қолында ғана қалады. Шарт Париж Конвенциясымен бәсекелеспейді, бірақ оны толықтырады. Ол Париж конвенциясына қатысушы мемлекеттер үшін ғана ашық Париж конвенциясы шеңберіндегі ерекше шарт болып табылады.

РСТ шартының басты мақсаты – патенттерге өтінім берудің қолданыстағы процесін жеңілдету, оларға үлкен заңдық күш беру және патенттік жүйені пайдаланушыларға және оны бақылауға жауапты ведомстволарға ыңғайлы болу үшін бірнеше елде өнертабыстарды қорғауға кепілдік беру арқылы үнемдеуді қамтамасыз ету.

РСТ жүйесін енгізер алдында бірнеше елде өнертабысты қорғаудың жалғыз құралы әр елде жеке өтінімдер беру болды, ал осы елдердің әрқайсысында өтінім бойынша бірдей жұмыс жүргізілді. Өз мақсатын орындау үшін РСТ шарты келесі талаптарды қамтамасыз етеді:

- бір патенттік ведомствоға («қабылдаушы ведомство») өтінім беруші өз өтінімінде атайтын РСТ шартына қатысушы елдердің әрқайсысында күші бар бір тілде бір өтінім беруге мүмкіндік беретін халықаралық жүйені құрады; бір қабылдаушы патент ведомствосының халықаралық өтінімді ресми тексеруін қамтамасыз етеді;

- нәтижелері өнертабыстың патентке қабілеттілігін айқындау кезінде ескерілуі мүмкін байланысты прототиптерді еске салатын есепте ресімделетін әрбір халықаралық өтінім бойынша халықаралық іздеулер жүргізуді қамтамасыз етеді; бұл есеп алдымен өтінім берушіге ұсынылады және кейіннен жарияланады;

- халықаралық іздеулер туралы есептермен байланысты халықаралық өтінімдердің орталықтандырылған халықаралық жариялануын, сондай-ақ олар туралы көрсетілген ведомстволарға хабарлауды қамтамасыз етеді;

- халықаралық өтінімді халықаралық деңгейде алдын ала тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, оның нәтижелері бойынша патент беруді шешетін ведомстволарға және өтінім берушіге мәлімделген өнертабыс патентке қабілеттіліктің белгіленген халықаралық өлшемшарттарына сай келе ме, жоқ па деген пікір жазылған есеп ұсынылады.

РСТ жүйесі қатысушы мемлекеттің патент ведомствосына маңызды артықшылық – халықаралық кезең кезінде орындалатын және ұлттық кезеңде өңдеуді оңайлататын орталықтандырылған рәсімдердің арқасында патенттерге арналған өтінімдерді олардың қолжетімді ресурстары негізінде өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

РСТ Келісімінің басқа негізгі мақсаттары – өнеркәсіп салалары мен басқа да мүдделі секторлардың өнертабыстарға қатысты техникалық ақпаратқа қол жеткізуін қолдау және жеделдету және дамушы елдерге технологияларға қол жеткізуге көмектесу.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 қарашадағы № 297-1 Заңымен Қазақстан **Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясына (Берн, 1886)** қосылды. Конвенция Қазақстан Республикасы үшін 1999 жылы 12 сәуірде күшіне енді.

Берн конвенциясы авторлық құқық саласындағы негізгі халықаралық келісім болып табылады. Берн конвенциясы үш негізгі қағидатқа негізделеді: Конвенцияға қатысушы әр ел басқа қатысушы елдердің азаматтарына өз азаматтарымен бірдей авторлық құқықтар беретіндігін көздейтін ұлттық режим қағидаты; әр елде туындыны қорғау басқа елдердегі туындыларды, оның ішінде туындының шыққан елінде қорғауға ешқандай тәуелді емес екенін білдіретін қорғаудың тәуелсіздігі қағидаты; автоматты қорғау қағидаты – авторлық құқық туынды жасалған сәттен бастап пайда болады және қандай да міндетті тіркеуді және басқа рәсімді қажет етпейді.

Берн конвенциясы авторлардың негізгі құқықтарына, оның ішінде: аударма құқығына; кез келген дыбыстық (аудио-) немесе визуалдық (кино-/ видео-) жазбаны қоса алғанда, кез келген түрде және кез келген нысанда қайта жаңғырту құқығына; драмалық, музыкалық-драмалық және музыкалық туындыларды көпшілік алдында ұсыну құқығына; тиісті құралдардың көмегімен эфирге беру немесе көпшілік алдында хабарлау және туындыны қайта өңдеу, аранжировка жасау және басқа да өзгерту құқығы; туындыларды кинематографиялық түрғыдан қайта өңдеу және қайта жаңғырту құқығы.

Егер автор Берн конвенциясына сәйкес оған қатысты қорғау берілген туынды шыққан елдің азаматы болмаса, осы елде осы елдің азаматтары болып табылатын авторлар сияқты құқықтарды пайдаланады.

Берн конвенциясы елдерді авторға мүліктік құқықтар мен мүліктік емес құқықтарға қарамастан, авторлық құқықты, туындыны автордың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген өзгерістерден, бұрмалаулардан қорғау құқығын (мүліктік құқықтар берілгеннен кейін де) беруге міндеттейді. Конвенцияға қол қойған мемлекеттердің азаматтары болып табылмайтын, бірақ олардың бірінде өзінің тұрақты тұратын жері бар авторлар Конвенцияға сәйкес тиісті мемлекеттің азаматтарына теңестіріледі.

Берн конвенциясына сәйкес ұсынған туындыларды қорғаудың негізгі мерзімі – автордың өмір сүру мерзімі және ол қайтыс болғаннан кейін 50 жыл. Жасырын немесе бүркеншік атпен шығарылған шығармалар үшін олар жарияланғаннан кейін – 50 жыл. Қорғау талап етілетін Берн конвенциясына қатысушы елдер өз қалауы бойынша туындыларды қорғаудың неғұрлым ұзақ мерзімін белгілей алады. Берн конвенциясының кері күші бар әрекет ету қағидаты маңызды болып табылады. Бұл конвенция ол заңды күшіне енген кезде қорғау мерзімінің аяқталуына байланысты шыққан елде әлі қоғамдық игілікке айналмаған туындылар осы уақытқа дейін жарыққа шыққан болса да, оларға қатысты қолданылады дегенді білдіреді.

Берн конвенциясы қатысушы елдердің әрқайсысына өз бетінше және басқа елдерге қарамастан, өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес туындыларды қандай авторлық құқық объектілеріне құқықтық қорғауды ұсыну құқығын береді.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 54-II Заңымен Қазақстан Республикасы **Фонограмма жасаушылардың мүдделерін олардың фонограммаларын заңсыз көшіріп көбейтуден қорғау жөніндегі конвенцияға** (Женева, 1971) қосылды. Конвенция Қазақстан Республикасы үшін 2001 жылы 3 тамызда күшіне енді.

Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және эфирлік хабар тарату ұйымдарының сабақтас құқықтарын қорғау мәселелерін халықаралық деңгейде реттейтін Рим конвенциясынан айырмашылығы, Фонограмма туралы конвенция фонограмма шығарушыларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын заңсыз әрекеттерден қорғау мәселелерін ғана қозғайды.

Конвенцияда шетелдік құқық иеленушілерге қатысты фонограммаларға ұлттық қорғау режимін ұсыну туралы міндеттемелер қамтылмаған. Бірақ соған сәйкес Конвенцияға қатысушы мемлекеттер үшін құқыққа қарсы іс-әрекеттердің өте шектеулі шеңберіне қатысты фонограмма шығарушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету міндеті көзделген, атап айтқанда: а) фонограмма көшірмелерінің құқық иеленушілерінің келісімінсіз туындыларды көпшілікке тарату; б) фонограммалардың даналарын көпшілік алдында тарату мақсатында және фонограмма жасаушылардың тиісті рұқсаты болмаған кезде оларды дайындау және көбейту; в) фонограммалардың даналарын құқық иеленушілердің келісімінсіз оларды мемлекет аумағына көпшілік алдында тарату мақсатында импорттау.

Шын мәнінде, аталған Конвенция фонограммалардың контрафактілік даналарын әртүрлі материалдық тасығыштарда заңсыз тираждау мен таратудың алдын алуға арналған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қарашадағы №257 Заңымен Қазақстан **Халықаралық патенттік жіктеме туралы Страсбург келісіміне (Страсбург,1971)** қосылды. Келісім Қазақстан Республикасы үшін 2003 жылы 24 қаңтарда күшіне енді.

Страсбург келісімі Халықаралық патенттік жіктемені белгілейді, оны әдетте IPC (*ағылш. тілінен International Patent Classification*) деп атайды. Жіктеме «прототипті» іздеу кезінде патенттік құжаттарды іздеудің ажырамас құралы болып табылады. Мұндай іздеуге патенттер беретін органдар, әлеуетті өнертапқыштар, іздеулер мен әзірлемелер бөлімдері және өтінім беруге немесе технологияларды әзірлеуге мүдделі өзге де тұлғалар жүгінеді.

Патенттік құжаттарда ақпараттың үлкен көлемінен тұрады. Олар технология саласындағы адам білімінің прогресі туралы барлық ақпаратты қамтиды. Сондықтан бұл ақпаратқа мұқтаж адамдарға қол жеткізу өте маңызды. Теориялық тұрғыдан мұндай қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Өйткені патенттік құжаттар жарияланады, яғни қоғамның кез келген мүшесіне қолжетімді болады. Алайда, іс жүзінде жарияланған патенттік

құжаттардың көптігіне байланысты қол жеткізу қиынға соғады және, жоғарыда айтылғандай, бұл құжаттар технологияның барлық аспектілеріне қатысты.

IPC – технологияның кез келген саласына қатысты патенттік құжаттарды сәйкестендіруге және алуға мүмкіндік беретін жүйе. Ол техниканың бүкіл саласын шамамен 80 мың айдардан тұратын сегіз бөлімге бөледі. Олардың әрқайсысы қысқаша сипатталған және араб цифрлары мен латын әліпбиінің әріптерінен тұратын «жіктеме символымен» сәйкестендірілген. Бұл айдарлардың тұжырымдары «Халықаралық патенттік жіктеме» деп аталатын басылымға енгізілген.

IPC өзектілігін сақтау мақсатында ол жүйелі түрде қайта қаралады. ХПЖ-ны қайта қарауды Келісім негізінде құрылған ХПЖ Сарапшылар комитеті жүзеге асырады. Келісімге қатысушы барлық мемлекеттер Сарапшылар комитетінің мүшелері болып табылады. IPC-тің екі түпнұсқаға барабар нұсқасы бар – ағылшын және француз тілдерінде, олар ДЗМҰ-ның баспа түрінде жарияланады. IPC-тің толық мәтіні басқа тілдерде де дайындалып, жарияланған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қарашадағы № 258-II Заңымен Қазақстан **Таңбаларды тіркеу үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы Ницца келісіміне (Ницца, 1957)** қосылды. Келісім Қазақстан Республикасы үшін 2002 жылы 24 сәуірде күшіне енді.

Келісімде тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу мақсатында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің Ницца жіктемесі белгіленді.

Ницца келісімінің уағдаласушы мемлекеттерінің тауар таңбалары жөніндегі ведомстволары ресми құжаттар мен басылымдарға тауарлар және/немесе қызметтер жіктемесінің нөмірлерін енгізуге міндетті.

Ұлттық ведомстволардың Ницца жіктемесін пайдалануы бірыңғай жіктеме жүйесінде өтінім беруге мүмкіндік береді. Бұл ретте өтінімдерді дайындау айтарлықтай жеңілдетіледі. Өйткені осы белгінің әрекеті қолданылатын тауарлар мен қызметтер келісімді қабылдаған елдерде бірдей жіктеледі. Сонымен қатар Ницца жіктемесі бірнеше тілге аударылған. Бұл тауарлар мен қызметтер тізімін шыққан елінің тілінен басқа тілде ұсынатын өтініш берушілердің еңбек шығындарын едәуір азайтады.

Ницца жіктемесі түсіндірме жазбалары бар және өнімдер мен қызметтердің әліпбилік тізімі бар жіктеме атауларын қамтиды, әр өнім немесе қызмет өз жіктемесінде болады. Жіктеме атаулары әр санаттағы тауарлар мен қызметтердің сипатын кеңінен сипаттайды. Қажеттілігіне қарай олар осы жіктемелерге енгізілетін өнім немесе қызмет түрін егжей-тегжейлі сипаттайтын түсіндірме жазбалармен жабдықталады. Әліпбилік тізімде тауарлар мен қызметтер әліпби тәртібімен орналасады.

Ницца жіктемесі 1935 жылы ДЗМҰ-ның негізін қалаушы Халықаралық зияткерлік меншікті қорғау бюросы (ХЗМҚБ) жасаған жіктеуге негізделген. Дәл осы жіктеме 34-ші санат тізімінен және тауарлардың әліпбилік тізімінен тұрады. Ол Ницца келісімі аясында қабылданып, содан кейін қызметтердің он бір санатының тізімімен және осындай қызметтердің әліпбилік тізімімен кеңейтіліп, толықтырылды.

Ницца жіктемесінің өзектілігін сақтау мақсатында ол үнемі қайта қаралып, әрбір бес жыл сайын жаңа редакциясы жарияланып отырады.

Ницца келісімі Келісімнің барлық уағдаласушы мемлекеттері ұсынған Сарапшылар комитетін құруды көздейді. Сарапшылар комитеті жіктеменің барлық өзгерістері бойынша, атап айтқанда, тауарлар мен қызметтерді бір санаттан екінші санатқа ауыстыру, әліпбилік тізбені жаңарту және қажетті түсіндірмелер енгізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қарашадағы № 259-II Заңымен Қазақстан Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартына (Будапешт, 1977) қосылды. Шарт Қазақстан Республикасы үшін 2002 жылы 24 сәуірде күшіне енді.

Будапешт шарты Париж конвенциясы шеңберіндегі арнаулы келісім болып табылады. Оның басты ерекшелігі депозиттеу жөніндегі бір халықаралық органда бір депозиттеу барлық уағдаласушы мемлекеттердің ұлттық патент ведомстволарында және кез келген өңірлік патент ведомствосында патенттік рәсім мақсатында жеткілікті болатындығымен байланысты.

Аталған жағдайдың маңызы зор. Өйткені, егер өнертабыс микроорганизммен немесе көпшілікке белгісіз микроорганизмді қолданумен байланысты болса, онда сипаттама оны ашу үшін жеткіліксіз. Сондықтан, көптеген елдердің патенттік рәсіміне сәйкес жазбаша сипаттама беру ғана емес, сонымен қатар мамандандырылған органға микроорганизмнің үлгісін депозиттеу қажет. Патент ведомстволарында сақтау арнайы тәжірибе мен жабдықты талап ететін микроорганизмдермен жұмыс істеу үшін қажетті жабдық жоқ. Бірнеше елде микроорганизммен немесе микроорганизмді пайдаланумен байланысты өнертабысқа қорғау сұралғанда, осындай елдердің әрқайсысында микроорганизмді депозитке салудың күрделі және қымбат рәсімдері қайталанады. Бұл келісім мұндай қайталануға жол бермеу немесе бірнеше депозитке салу рәсімдерін біреуіне ауыстыру үшін оны азайту мақсатында жасалды.

Шарт негізінен, бірнеше елде патентке өтінім беретін депозиторға артықшылық береді. Ол қаражатты үнемдейді. Өйткені микроорганизмді онымен байланысты патентке өтінім берген әрбір ел депозитке салудың орнына, оны бір депозитарийге бір рет қана сала алады да, қорғау сұралғаннан басқа барлық елде шығынға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы № 291-II Заңымен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін белгілеу жасау туралы Локарно келісіміне (Локарно, 1968) қосылды. Келісім Қазақстан Республикасы үшін 2002 жылы 7 қарашада күшіне енді.

Локарно жіктемесі – өнеркәсіптік үлгілердің жіктемесі. Локарно келісімі бойынша уағдаласушы тараптардың тауар таңбалары жөніндегі ведомстволары өнеркәсіп үлгілерін депозиттеуді немесе тіркеуді, өнеркәсіп үлгісін қамтитын тауарлар тиесілі жіктеменің санаттары мен кіші санаттарының айдарларын көрсететін ресми құжаттарға енгізуге міндетті. Олар депозитке немесе тіркеуге қатысты және осы ведомстволардан шығатын кез келген басылымға қатысты да солай жасауы керек.

Локарно жіктемесі уағдаласушы елдерді белгілі бір түрде жіктелген өнеркәсіптік үлгілерге берілетін қорғау сипатына қатысты ешқандай міндеттемелермен байланыстырмайды.

Локарно жіктемесін ұлттық ведомстволардың қолдануы оларға бірыңғай жіктеме жүйесі бойынша өнеркәсіптік үлгілерді тіркеуге қабылдауға артықшылық береді. Бұл рәсім өнеркәсіптік үлгілерді іздеуді жеңілдетеді және құжаттар халықаралық деңгейде айырбасталған кезде қайта жіктеу қажеттілігін жояды.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 ақпандағы № 292-II Заңымен Қазақстан Тауар таңбалары туралы заңдар туралы шартқа – TLT (Женева, 1994) қосылды. Шарт Қазақстан Республикасы үшін 2002 жылы 7 қарашада күшіне енді.

Аталған Шарттың басты мақсаты тауар белгілерін тіркеудің ұлттық және өңірлік рәсімдерін жақындастыру және ретке келтіру болып табылады. Бұған осы рәсімдердің кейбір элементтерін жеңілдету және үйлестіру арқылы қол жеткізіледі. Бұл тауар белгілерін тіркеуге өтінімдер беруді және оларды бір уақытта көптеген мемлекетте тіркеу рәсімдерін онша күрделендірмей, болжалды етеді.

TLT Шартының көптеген ережелері өтініш берушінің тауар белгілері бойынша ведомствоның өзара әрекеттесу процесіне қатысты, оны үш негізгі кезеңге бөлуге болады: тіркеуге өтініш беру, тіркеуден кейін өзгерістер енгізу және тіркеуді ұзарту. Әр кезеңге қатысты ережелер өтінімге немесе нақты өтінішке қойылатын барлық талаптарды мүмкіндігінше айқын етіп жасалады.

TLT шартында да уағдаласушы тарап қандай да бір нақты рәсімге немесе құжатқа қатысты көздеуге тиіс барынша жоғары талаптарға сәйкес келетін үлгілік халықаралық

бланкілер қамтылады. Уағдаласушы тарап осындай бланкілер тиісті бланкіде аталатын элементтерге қатысты қосымша болатын міндетті элементтерді талап етпеген жағдайда өтініш берушілердің пайдалануы үшін өзінің жеке халықаралық бланкін дайындай алады.

ТЛТ Шарты тіркеуден бас тарту жағдайларын қоспағанда, куәландыру, нотариалдық куәландыру, түпнұсқалықты тексеру, заңдастыру немесе қандай да бір қолды куәландыру туралы талаптарға жол бермейтіндігін ерекше атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі №546 және №547 Заңдарымен Қазақстан тиісінше **Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына (Женева, 1996)** қосылды. Шарттар Қазақстан Республикасы үшін 2004 жылғы 12 қарашада күшіне енді. Олар авторлық құқық саласындағы халықаралық құжаттарды толықтыра отырып, авторлық құқық объектілерін цифрлық ортада қорғауды реттеуге арналған.

Орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарт бенефициарлардың екі тобының, әсіресе цифрлық ортадағы: орындаушылардың және фонограмма шығарушылардың (бастама алып, дыбыс жазу үшін жауапты болатын жеке немесе заңды тұлғалардың) құқықтарына қатысты болады. Бұл құқықтарды қорғау бір актімен реттеледі. Өйткені Шарт арқылы орындаушыларға берілген құқықтардың көпшілігі олардың жазылған таза дыбыстық шығармаларымен (фонограмма түрінде жазылған) байланысты құқықтар болып табылады.

Шарт орындаушыларға фонограмма түрінде жазылған (бірақ кинофильмдер үшін қолданылатын аудиовизуалды жазба түрінде емес) орындауға мүліктік құқықтар береді: қайта шығару құқығы, тарату құқығы, жалға алу құқығы және беру құқығы.

Жазылмаған («жанды дауыспен») орындауларға қатысты Орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарт орындаушыларға: эфирлік хабар тарату құқығын (ретрансляция жағдайларын қоспағанда), жалпы жұрттың назарына хабарлау құқығын (орындау эфирге берілетін жағдайларды қоспағанда) және жазба жасау құқығын береді.

Шарт орындаушыларға жеке мүліктік емес құқықтарды, атап айтқанда, орындаушы ретінде өзін көрсетуді талап ету құқығын және орындаушының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін орындауды кез келген бұрмалауға немесе өзгеше өзгертуге қарсылық білдіру құқығын береді. Фонограмма жасаушыларға келетін болсақ, Келісім оларға фонограммаларға қатысты мынадай мүліктік құқықтар береді: қайта жаңғырту құқығы, тарату құқығы, жалға алу құқығы және беру құқығы.

Шарт коммерциялық мақсаттарда, эфирлік хабар тарату немесе жалпы жұрттың назарына хабарлау мақсатында жарияланатын фонограммаларды тікелей немесе жанама пайдаланғаны үшін орындаушылар мен фонограмма жасаушылардың біржолғы әділ сыйақы алу құқығын көздейді. Дегенмен, кез келген уағдаласушы тарап Орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартты тиісті ескертпе енгізген жағдайда шектей алады.

Шектеулер мен алып тастауларға келетін болсақ, Шартта қолданысы құқықтардың барлық түрлеріне қолданылатын Берн конвенциясының 9 (2) бабында көзделген шектеулер мен алып тастаулардың қолданылуын айқындауға мүмкіндік беретін «үш сатылы тексеру» туралы ережелер бар.

Шартта көзделген құқықтарды пайдалану мен жүзеге асыру ешқандай рәсімділікке негізделі алмайды.

Шарт уағдаласушы тараптарды олардың құқықтарын жүзеге асыруға байланысты авторлар пайдаланатын техникалық құралдарды айналып өту жөніндегі іс-әрекеттерден және олардың құқықтарын басқару үшін қажетті ақпаратты жоюдан немесе түрін өзгертуден құқықтық қорғау құралдарын көздеуге міндеттейді.

Шарт әрбір уағдаласушы тарапты оның құқықтық жүйеге сәйкес келетін қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттейді.

Авторлық құқық жөніндегі шарт Берн конвенциясы шеңберінде жасалған, туындыларды және олардың авторларының құқықтарын цифрлық ортада қорғауға қатысты арнаулы келісім болып табылады. Кез келген уағдаласушы тарап (тіпті, ол Берн конвенциясы шеңберінде міндеттемелер алмаса да) Берн конвенциясының 1971 жылғы актісінің (Париж актісінің) негізгі ережелерін сақтауға міндетті.

Сонымен қатар Шартта авторлық құқықпен қорғалатын екі объект көрсетілген: компьютерлік бағдарламалар, оларды көрсету әдісі мен формасына қарамастан, кез келген түрдегі деректерді немесе басқа ақпаратты («мәліметтер базасы») құрастыру, олардың мазмұнын таңдау немесе ұйымдастыру нәтижесінде зияткерлік шығармашылықтың нәтижесі болып табылады.

Берн конвенциясында танылған құқықтардан басқа, Авторлық құқық туралы келісім: тарату құқығы, жалға алу құқығы және жалпыға ортақ дерек үшін анағұрлым ауқымды хабарлама құқығы.

Шектеулер мен алып тастауларға келетін болсақ, ол Берн конвенциясының 9(2) бабында көзделген, қолданысы құқықтардың барлық түрлеріне қолданылатын шектеулер мен алып тастаулардың қолданылуын айқындауға мүмкіндік беретін «үш сатылы тексеру» туралы ережелерді қамтиды. Шартқа қоса берілген Келісілген өтініште Берн конвенциясына сәйкес ұлттық заңнамада көзделген шектеулер мен алып тастаулардың қолданылуы цифрлық ортаға да қолданылуы мүмкін екендігі айтылған.

Шарт уағдаласушы тараптарды олардың құқықтарын жүзеге асыруға байланысты авторлар пайдаланатын техникалық құралдарды айналып өту жөніндегі іс-әрекеттерден және олардың құқықтарын басқару үшін қажетті ақпаратты жоюдан немесе түрін өзгертуден құқықтық қорғау құралдарын көздеуге міндеттейді.

Шарт әрбір уағдаласушы тарапты оның құқықтық жүйесіне сәйкес келетін қолданылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттейді.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 27 мамырдағы №281-IV Заңымен Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама (Мадрид, 1989) ратификацияланды, Қазақстан Республикасы үшін ол 2004 жылы 12 қарашада қолданысқа енді.

Хаттама Мадрид жүйесін жаңғырту және оны белгілі бір себептермен таңбаларды халықаралық тіркеу туралы бұрын қабылданған Мадрид келісіміне қосылуға мүмкіндігі болмаған кейбір мемлекеттердің ұлттық заңнамасына және үкіметаралық ұйымдардың нормаларына сәйкес келтіру мақсатында қабылданды.

Мадрид келісіміне Хаттаманы ратификациялаудың мақсаты отандық тауар өндірушілердің шетелде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау арқылы олардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру болды.

Мадрид келісімімен салыстырғанда Хаттама халықаралық тіркеудің дәстүрлі жүйесіне бірқатар жаңалықтар енгізді, атап айтқанда:

- халықаралық өтінім шығу елінің ведомствосына берілген өтінімге негізделуі мүмкін, ал Мадрид келісімінде негізгі тіркеудің болуы қарастырылған;
- форманы үш тілдің бірінде толтыруға болады: француз, ағылшын және испан, ал Мадрид келісімі тек француз тілін қолданады;
- сараптама жүргізу мерзімі 18 айды, Мадрид келісімі бойынша 12 айды құрайды;
- шығу елі ведомствосының талабы бойынша халықаралық тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде жойылатын халықаралық тіркеу халықаралық тіркеу қолданылған тиісті қатысушы елдерде ұлттық өтінімге айналуы мүмкін;
- қатысушы елдің ведомствосы Мадрид келісімі бойынша баждан асатын баж мөлшерін белгілеуге құқылы.

Тауар таңбасын халықаралық тіркеу 10 жыл бойы қолданылады. Өтініш беруші тіркеуді әрбір 10 жылдық кезеңнің соңында ДЗМҰ арқылы белгі қорғау алынған барлық немесе жекелеген елдерде қолданылатындай етіп ұзарта алады.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 9 қарашадағы № 350-IV Заңымен **Олимпиада рәмізін қорғау туралы Найроби шарты (Найроби, 1981)** ратификацияланды. Шарт Қазақстан Республикасы үшін 2011 жылы 9 наурызда күшіне енді.

Ол олимпиада рәмізін заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған. Шартқа сәйкес шартқа кез келген қатысушы мемлекет тіркеуден бас тартуға немесе белгі ретінде тіркеуді жарамсыз деп тануға және тиісті шаралар арқылы белгі немесе басқа белгі ретінде коммерциялық мақсаттарда олимпиада рәміздерінен тұратын кез келген белгіні пайдалануға тыйым салуға міндетті (олимпиада рәмізі бір-бірімен тығыз байланысты бес сақинадан тұрады: көк, сары, қара, жасыл және қызыл, осындай тәртіппен орналастырылған немесе осы символ Халықаралық олимпиада комитетінің Жарғысында белгіленгендей түрде қолданылған жағдайлар, Халықаралық олимпиада комитетінің рұқсаты болған жағдайларды қоспағанда).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 маусымдағы № 430- IV Заңымен Патент құқығы туралы шарт - РЛТ (Женева, 2000) ратификацияланды. Шарт Қазақстан Республикасында 2011 жылы 19 қазанда күшіне енді.

Шартты жасасудың мақсаты ұлттық және өңірлік патенттік өтінімдер мен патенттерге қатысты қолданылатын ресми рәсімдерді үйлестіру және оңайлату болып табылады.

Өтінім берілген күнге қойылатын талаптарды қоспағанда, РЛТ шарты уағдаласушы тараптың ведомствосы қабылдайтын талаптардың барынша көп жиынтығын қамтиды: ведомствоның Шарт бойынша аспектілерге қатысты кез келген басқа да ресми талаптарды белгілеуге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы №563-IV Заңымен **Орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (Рим, 1961)** ратификацияланды. Конвенция Қазақстан Республикасында 2012 жылы 30 маусымда күшіне енді.

Бұл сабақтас құқықтарды күзету мен қорғау саласындағы ең маңызды көпжақты келісім болып табылады.

Рим конвенциясы орындаушылардың фонограмма және хабар тарататын ұйымдарға қатысты орындаушыларға, фонограмма жасаушыларға қатысты құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Рим конвенциясы екі негізгі қағидатқа негізделген:

- ұлттық қорғау режимін беру қағидаты, оған сәйкес Конвенцияға қатысушы әрбір мемлекет шет мемлекеттердің орындаушыларына, фонограмма жасаушыларына және хабар тарату ұйымдарына тиісті шет мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес өзінің жеке және заңды тұлғаларына берілетінге ұқсас құқықтарын қорғауды беруге тиіс;

- құқықтарды қорғаудың ең төменгі рұқсат етілген деңгейін белгілеу қағидаты, оған сәйкес Рим конвенциясында көзделген құқықтар Рим конвенциясына қатысушы болып табылатын басқа мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғаларына, тіпті, осы мемлекет өзінің азаматтары мен заңды тұлғаларына осындай құқықтар бермесе де берілетін болады.

Бұл ретте, қорғау критерийлері және сабақтас құқықтардың әрбір санаты үшін берілетін құқықтардың ең аз көлемі белгіленген. Мысалы, әрбір қатысушы мемлекет орындау Рим конвенциясына қол қойған басқа мемлекетте жүзеге асырылады, орындау қорғалатын фонограммаға жазылады немесе (егер ол фонограммаға жазылмаған жағдайда) күзетілетін эфирде беру арқылы таратылады деген тәрізді мән-жайлар сақталған кезде шетелдік орындаушы әртістерге күзет беруге міндетті.

Берілетін күзет Конвенцияда көзделген ерекшеліктер мен ескертпелерді қоспағанда, орындаушыларға олардың орындалуын эфирге беруге немесе олардың келісімінсіз жазбаны жаңғыртуға кедергі жасау құқығын береді.

Рим конвенциясымен кепілдік берілген сабақтас құқықтарды қорғаудың ең аз мерзімі кемінде 20 жылды құрайды. Конвенцияға қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің ұлттық заңнамасында Конвенцияда көзделгеннен гөрі көбірек қорғау мерзімі көзделуі мүмкін.

Рим конвенциясы уағдаласушы тараптардан мемлекеттің Рим конвенциясына қосылу күніне дейін жазылған фонограммаларға қатысты, сондай-ақ осы күнге дейін жүзеге асырылған орындаулар мен эфир хабарларына қатысты күзет беруді талап етпейді.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 10–V Заңымен **Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты (Сингапур, 2006)** ратификацияланды. Шарт Қазақстан Республикасында 2012 жылы 5 қыркүйекте күшіне енді.

Сингапур шартының мақсаты – тауар белгілерін тіркеудің әкімшілік рәсімдерін үйлестіруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы және қарқынды халықаралық нормативтік-құқықтық база жасау. Сингапур шартының негізіне Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы шарт (TLT) алынған. Алайда Сингапур шартының қолданылу аясы кең және коммуникациялық технологиялар саласындағы өзгерістерді ескеруге мүмкіндік береді.

Сингапур шарты тиісті уағдаласушы тараптың заңнамасына сәйкес тіркеуге жататын барлық түрдегі белгілерге қатысты қолданылады.

TLT-ге қарағанда Сингапур шарты уағдаласушы тараптың заңнамасы бойынша тіркелуі мүмкін барлық белгілерге қатысты қолданылады. Оның ең маңызды ерекшелігі – дәстүрлі емес белгілерді нақты мойындайтын тауар белгілері туралы заңнамаға арналған алғашқы халықаралық құжат. Шарт голограммалар, үшөлшемді белгілер, түрлі түсті белгілер, позициялық белгілер және орналасу белгілері, қозғалыс белгілері сияқты дәстүрлі емес визуалды белгілерді, сондай-ақ дыбыстық, иіс сезу немесе сипап сезу белгілері сияқты визуалды емес белгілерді қоса алғанда, кез келген түрдегі белгілерге қатысты қолданылады. Тауар таңбалары туралы заңдар туралы Сингапур шартына арналған нұсқаулықта оларды графикалық емес және фотосуреттік нысандарды қамтуы мүмкін қосымшаларда белгілерді ұсыну нысандары қарастырылады.

Сингапур шарты уағдаласушы тараптарға хабарламаларды берудің нысаны мен құралдарын таңдауға және хабарламаларды қағаз, электрондық немесе өзге нысанда қабылдау-қабылдамау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл өтінімдер мен сұрау салуларға қойылатын ресми талаптар тұрғысынан, мысалы, ұлттық ведомствоға жіберілетін хабарламаларға қол қоюға қатысты салдары болады. Шартта өте маңызды TLT нормасы сақталған, атап айтқанда, қағаз хабарламасындағы кез келген қолтаңбаның түпнұсқалығын немесе расталуын талап етуге жол бермеу туралы ереже. Сонымен бірге уағдаласушы тараптар электрондық хабарлардың түпнұсқалығын тексеру жүйесін қолдану қажеттілігі және осындай тексеру әдістері туралы мәселені өз бетінше шешуге құқылы.

Шарт өтініш беруші немесе құқық иесі ведомствомен қарым-қатынаста қандай да бір іс-қимыл үшін белгіленген мерзімдерді өткізіп алған жағдайда жеңілдік шараларын көздейді. Уағдаласушы тараптар өз таңдауы бойынша мынадай жеңілдіктердің кем дегенде біреуін беруге міндетті: мерзімді ұзарту; ресімдеу рәсімдерінің қолданылуын сақтау; және мерзімнің бұзылуы абайсызда болған немесе жағдайларға сәйкес келетін тиісті шаралардың қабылдануына қарамастан, құқықтарды қалпына келтіру.

Сингапур шарты тауар таңбаларына лицензияларды тіркеу туралы ережелерді қамтиды және лицензияны тіркеу, түзету немесе тіркеуді жою туралы сұрау салуларға қатысты ең жоғары талаптарды белгілейді.